KASE

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ | ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ | ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ | БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ | ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ | ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ | ӘЛЕМДІК НАРЫҚ



# KASE АПТАЛЫҒЫ

**01–05 Желтоқсан, 2025**

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- Листингілік ережелерге, Листингілік рәсімдерді жүзеге асыру тәртібіне енгізілген түзетулер және "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағиданың жаңа редакциясы қолданысқа енгізілді.
- KASE ресми тізіміне "e-Lab Factor Факторингтік компаниясы" ЖШС KZ2P00016066 (ELFApp1), "Garanti Leasing" ЖШС KZ2P00016264 (GLLKb1), "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг) KZ2P00016322 (CLSGb9), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ KZ2C00016368 (SKKZB30) және KZ2C00016376 (SKKZB31) облигациялары енгізілді.
- KASE-де "Home Credit Bank" АҚ KZ2C00014116 (HCBNb18) және "TRANZIT TRANS LOGISTICS" ЖШС KZ2C00014173 (HCBNb20), "ТССП Групп"ЖШС KZ2P00016116 (TTLSb1) және KZ2P00014301 (TSSPb6) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "Смартолет Финанс" МҚҰ" ЖШС KZ2P00015308 (MFSFb1) және KZ2P00015316 (MFSFb4),"Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС KZ2P00015746 (MFSCb6) және KZ2P00015712 (MFSCb8) және "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00015886 (MFAFb13) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық режиміне аударылды.
- "ForteBank" АҚ USDKZT_TOM құралы бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі берілді.
- KASE-де рубль мен теңге бағамына бір айлық фьючерстермен (RU-1.26) сауда-саттық ашылды.
- KASE сауда жүйесі мен деректер базасында The Consumer Staples Select Sector SPDR Fund US81369Y3080 (XLP_KZ) ETF қорының атауы өзгертілді.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 50,0 млн МЕККАМ KZK100000423 (MKM012_0161) и 54,5 млн МЕУКАМ KZKD00001269 (MUM120_0020) орналастырды.
- "Еуразиялық банк" АҚ 30,1 млрд теңге сомасына 300,0 млн өзінің KZ2C00004075 (EUBNb17) облигацияларын сатып алды.
- "ТССП Групп" ЖШС KZ2P00014327 (TSSPb7) облигацияларын орналастыру арқылы 500,0 млн теңге тартты.
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012003 (KFUSb74) облигацияларын орналастыру арқылы 19,1 млрд теңге тартты.
- Түркістан облысының әкімдігі KZMJ00002152 (TKK024_215) облигацияларын орналастыру арқылы 18,0 млрд теңге тартты.
- "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ 15 жылдық KZ2C00016368 (SKKZb30) облигацияларын орналастыра отырып, 45,0 млрд теңге тартты.
- "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ KZ2C00016376 (SKKZb31) 15 жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 45,0 млрд теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ 2025 жылдың 25 қарашасынан 01 желтоқсанына дейін өзінің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат берді.
- "ҚазТрансОйл" АҚ S&P Global Ratings агенттігі компанияның кредиттік рейтингін "BBB-" деңгейіне көтергені туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "ҚазТрансОйл" АҚ магистральдық құбырлары арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша 2026-2030 жылдарға арналған тариф бекітілді.
- "Робокэш.кз" МҚҰ ЖШС микрокредит беруді қайта бастады.
- "Алтай Ресорсиз" АҚ KZ1C00000983 (AMAN) жай акциялары бойынша 2025 жылдың үшінші тоқсанына дивиденд төледі.
- "Нұрбанк" АҚ KZ000A1CTMV3 (NRBNp6) артықшылықты акциялары бойынша 2022 жылға дивиденд төледі.
- "СФК" СМЖ ФФ-1" ЖШС KZ2P00014632 (SFKFb1) облигацияларын ішінара мерзімінен бұрын өтегені туралы хабарлады.

| 05.12.2025 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 6 900,33 | 1,2 | -1,0 |
| | Бағасы | Δ 7к | Δ 1а |
| АО "Национальная атомная компания "Казатомпром" | 31 130,1 | 10,2 | 6,2 |
| Intel Corporation | 42,3 | 6,4 | 10,4 |
| Tesla, Inc. | 459,5 | 5,9 | 1,1 |
| NVIDIA Corp. | 182,5 | 2,8 | -10,1 |
| АО "КазТрансОйл" | 860,1 | 2,8 | 3,0 |
| АО "KEGOC" | 1 425,0 | 2,2 | 0,5 |
| АО "Кселл" | 3 405,0 | 2,1 | 1,0 |
| Freedom Holding Corp. | 140,5 | 1,8 | -10,5 |
| Pfizer Inc. | 25,8 | 1,6 | 5,7 |
| Apple Inc. | 279,6 | 1,0 | 3,2 |
| Bank of America Corporation | 54,3 | 0,9 | 1,3 |
| АО Kaspi.kz | 39 680,0 | 0,6 | -6,8 |
| АО "KM GOLD" | 66,8 | 0,5 | -1,7 |
| Microsoft Corporation | 494,0 | 0,2 | -4,1 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 320,2 | 0,1 | -6,0 |
| АО "Казахтелеком" | 40 221,1 | -0,2 | 4,7 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 217,0 | -0,2 | -15,3 |
| PayPal Holdings Inc. | 62,7 | -0,7 | -6,0 |
| AT&T Inc. | 25,6 | -1,0 | 5,1 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 4 550,0 | -1,1 | -10,4 |
| АО "Национальная компания "КазМунайГаз" | 21 799,9 | -1,6 | -2,2 |
| АО "Эйр Астана" | 868,0 | -2,5 | -0,6 |
| АО "ForteBank" | 13,0 | -5,2 | 7,4 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




Қазақстандық қор нарығындағы акциялардың көпшілігі өткен аптада жасыл аймақта саудаланды. KASE индексі бір апта ішінде 1,2 % өсіп, 6 898 тармақ белгісінде жабылды.

Қазатомөнеркәсіптің жай акциялары 10 % өсті, бұл оларды KASE Индексінің көшбасшысына айналдырды. Қағаз өсімінің басты драйверлерінің бірі атом энергиясы агенттігі төрағасының орынбасары Әсет Махамбетовтің Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазатомөнеркәсіптің уран өндіру жөніндегі жаңа кәсіпорындарға қатысуының міндетті үлесін 50 %-дан 75 %-ға дейін ұлғайтуды жоспарлап отырғаны туралы мәлімдемесі болды. Кейін Қазақстан Сенаты "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" кодекске енгізілген өзгерістерді мақұлдады, оған сәйкес ұлттық компания бірлескен уран жобаларында кеңейтілген құқықтарға ие болады. Сондай-ақ жаңа ережелер қолданыстағы келісімдердегі әріптестерді келісімшарт мерзімін ұзарту кезінде Қазатомөнеркәсіпке қатысудың қосымша 40 % беруге міндеттейді, осылайша компанияның жалпы үлесі 90 %-ға жетеді.

Эйр Астана әуекомпаниясы 25 қараша мен 1 желтоқсан аралығында сатып алу бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы $79,6 мың болатын 11,6 мың жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Тасымалдаушының акциялары бір апта ішінде 2,5 % құлдырап, 868 теңгені құрады.

Осы уақытта S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі ҚазТрансОйл кредиттік рейтингін "Тұрақты" болжамымен "BBB-" деңгейіне көтерді. Компанияның акциялары бір апта ішінде 2,8 % өсті.

Телекоммуникация секторында көп бағытты динамика байқалды: Kcell акциялары 3 405 теңгеге дейін 2,1 % өсті, ал Қазақтелеком акциялары 40 221 теңгеге дейін 0,2 % төмендеді.

Ақша нарығында апта қорытындысы бойынша TONIA біркүндік репо тарту мөлшерлемесі жылдық 17,06 %-ға дейін төмендеді. Біркүндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 10,79 %-ға дейін төмендеді.

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




### Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Қараша айының қорытындысы бойынша теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 512,57 теңгеге дейін 3,3%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 271 млн АҚШ долларынан 280 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,6 млрд АҚШ долларын құрады.

Қараша айында Ұлттық қордан 600 млн АҚШ долларына валюта сатылды, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 10,7%-ын немесе күніне шамамен 30 млн АҚШ долларын құрады.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдеріне қарай Ұлттық Банк желтоқсанда республикалық бюджетке трансферттер бөлуге Ұлттық қордан 400 млн АҚШ долларынан 500 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылады деп күтеді.

Айналау операциялары аясында қарашада 475 млрд теңге алынды. Желтоқсанда осы мақсатта 475 млрд теңге валюта сату жоспарда бар.

Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ теңестіру тетігін іске асыру кезінде Ұлттық Банк нарықтық бейтараптық қағидатын сақтайды, бұл шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді.

Ұлттық Банк қарашада валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті сату нормасы шеңберінде валюталық түсімді сату көлемі шамамен 390 млн АҚШ долларын құрады.

БЖЗҚ валюталық активтерінің үлесі осыған дейінгі жоспарға сәйкес 40% астам екенін ескере отырып, Ұлттық Банк қарашада зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алған жоқ. Желтоқсанда да валютаны сатып алу жоспарланбайды.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.24)**




| | Цена | Δ 7д, % | Δ 30д, % | Δ 2024, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 672,79 | -0,58 | -2,40 | 1,15 |
| USDKZT | 504,49 | -1,57 | -4,37 | -4,56 |
| EURKZT | 587,73 | -0,79 | -3,02 | 6,66 |
| CNYKZT | 71,37 | -1,48 | -3,65 | -1,48 |
| RUBKZT | 6,57 | 0,61 | 0,00 | 29,66 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 6 870,40 | 0,3 | 1,1 | 13,1 | 0,3 |
| Dow Jones | 47 954,99 | 0,5 | 1,4 | 7,1 | 0,5 |
| РТС | 1 122,46 | 4,1 | 13,6 | 46,7 | |
| ММВБ | 2 711,30 | 1,3 | 6,5 | 8,0 | |
| Hang Seng | 26 085,08 | 0,9 | 0,6 | 33,4 | 1,0 |
| SS CSI 300 | 4 584,54 | 1,3 | -0,9 | 16,9 | 1,6 |
| Euro Stoxx 50 | 5 723,93 | 1,0 | 1,0 | 15,6 | 1,0 |
| FTSEuroFirst | 6 402,50 | 0,5 | 0,3 | 14,8 | 0,5 |
| FTSE 100 | 9 667,01 | -0,6 | -1,1 | 15,8 | -0,6 |
| KASE | 6 900,33 | 1,2 | -1,0 | 23,2 | |

## Шикізат нарығы

05.12.2025

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 63,75 | 0,9 | 0,4 | -11,6 |
| Мұнай (WTI) | 60,08 | 2,6 | 0,8 | -12,0 |
| Табиғи газ | 5,29 | 9,1 | 25,0 | 71,8 |
| Мыс | 538,20 | 3,8 | 7,9 | 30,2 |
| Темір | 782,00 | -3,2 | -1,3 | -4,3 |
| Алтын | 4 197,78 | -1,0 | 5,5 | 59,7 |
| Күміс | 58,42 | 3,5 | 21,7 | 87,6 |
| Астық | 537,50 | 1,2 | -3,1 | -1,7 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 08.12 | ЖІӨ (т/т) (3 т.) | JPY | -0,4% | 0,5% |
| 10.12 | Шикі мұнай қоры | USD | | 0,574M |
| 11.12 | FOMC экономикалық болжамдары | USD | | |
| 11.12 | ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім | USD | 3,75% | 4,00% |
| 11.12 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген алғашқы өтінімдердің саны | USD | 221K | 191K |
| 12.12 | ЖІӨ (а/а) (қаз) | GBP | 0,1% | -0,1% |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 12,4% | 01.12.25 | 12,6% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 62,1 | 01.12.25 | 60,4 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 14 842,9 | 01.11.25 | 14 344,2 |
| Ақша масса, млрд KZT | 49 331,8 | 01.11.25 | 48 139,4 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 позитивті | 22.08.25 | BBB-/A-3 тұрақты |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 01.10.25 | Baa2/позитивті |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 15.07.25 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

KASE

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, A15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

**Тел.:** +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28

FAQ




Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2025